



БҰЙРЫҚ

29.08.2024

Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№

124-4/8

город Шымкент

2024-2025 оқу жылына жатақхана тәртібі туралы

Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-13) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына, ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 жылғы № 66, 30.12.2020 № 557 бұйрықтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жатақхананың барлық қызметкерлері лауазымдық нұсқаулықтармен қайта таныстырылсын. Әр түрлі жағдайларда іс-әрекеттер алгоритмі бойынша түсіндіру жұмыстар жүргізілсін (*жатақхана меңгерушісі*).

2. Қатаң тәртіпте колледж жатақханасында орналасқан білім алушыларының ата-аналарымен бірге баланың денсаулық жағдайын нақтылау жұмыстары жүргізілсін (*жатақхана меңгерушісі, жатақхана тәрбиешісі*).

3. Ата-аналар мен студенттерді жатақханада тұру Ережелерімен, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулармен таныстыру жұмыстары өткізілсін (*жатақхана меңгерушісі, жатақхана тәрбиешісі*).

4. Оқу жылы бойы жатақханада тұратын студенттердің ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылсын. Балалары туралы барлық ақпараттар олардың назарына жеткізілсін. Ата-аналар жиналыстары міндетті түрде өткізілсін (*жатақхана меңгерушісі, жатақхана тәрбиешісі*).

5. Жатақхана оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында тәрбиелік іс-шаралар жыл бойы өткізілсін (*жатақхана меңгерушісі, жатақхана тәрбиешісі*).

6. Студенттерден, ата-аналардан ақша жинау сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселесі қатаң түрде тыйым салынғаны қайта ескертілсін (*жатақхана меңгерушісі, жатақхана тәрбиешісі*).

7. Осы бұйрықтың талаптарын орындау және жүзеге асыру жатақхана меңгерушісі К.Актаеваға, жатақхана тәрбиешілер Б.Сарсенбаева, А.Райкуловаға жүктелсін

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Садыковаға жүктелсін.

Директор

А. Искаков

КЕЛІСІЛГЕН

Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары

М.Арынбаев

